

С. Арғын, К. Байбулат, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Г. Жолкенова, тілдік дайындық кафедрасының
оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ҰЛТ ТҮЗЕЛМЕЙ ТІЛ ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Тілге деген құрмет — туған халқыңның тарихына деген қызығушылық пен ана тіліне деген сүйіспеншіліктен басталуы тиіс. Тұтас аумағына бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жеріміздің сан ғасырлық тарихы да, қазақ жерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» қорғай білген ата-бабаларымыздың ерлігі мен батырлығы да осы ана тіліміз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен, ұлы мұраға айналды. Бұл турасында қазақтың көрнекті қоғам қайраткері және жазушысы Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілі — халық болып жасағаннан бергі оның жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы — ол — халықтың тілі», — деген болатын.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасымыз Н. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады», дей келіп, «Тіл — Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Қазақ тілі — біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз — оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сан мыңдаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл — өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиісті міндет», — деген ашық ұстаным айтты.

Тіл — бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірегейі. Иә, әрбір халықтың бақыт шекарасын айқындайтын өлшемдер бар десек, оның ең біріншісі — тілі, екіншісі — асыл діні, үшіншісі — ғасырларға созылған тарихы. Ана тілімізді дамытуда әлі де болса салқындық сезіледі. Ондай болмауы үшін ұлттық тәрбие, ұлттық психологияны үйрету жеткіліксіз бе? — деген ой келеді. Өзге ұлттың өкілдері мемлекеттік қызметке қабылданғанда қазақ тілін білген адамның жолы ашық болатынын сезінуі шарт емес пе?

Қазіргі дағдарыс кезеңінде тілді шетке ысырып қойып, қарнымыздың тоқ болуын ойласақ, онда бұл біздің әлі күнге толыққанды ұлт болып қалыптаспағандығымыздың белгісі. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары да қиыншылықты бастан өткіздік. Сол кезеңде «Мұндай тәуелсіздіктің керегі қанша?» деген азамат ағаларымыз да болды. Сонда бодандықтың қамытын мойнымызға іліп, құл болып жүре беруіміз керек пе? «Құлдан ақыл сұрама» деген бар емес пе? Бұл Отанын сатып кеткенмен бірдей. Сол кезде біздің кейбір зиялы қауым өкілдерінің әлсіздігі көрініп қалды. Әлемде неше ұлт-азаттық көтерілістер болғанын білеміз. Олар қарнының тоқтығы үшін емес, ұлтының азаттығы үшін күресті. Мысалы, Үндістанның кемеңгер көсемі Махатма Гандиді алайық. Ол бостандық үшін жалаң аяқ жүріп, ағылшынның берген тамағын жемей, бізге тәуелсіздік керек деп шарт қойды. Егер біз қазір тіл мәселесіне көңіл бөлмей, қаржы қарастырмай, ұлт мәселесіне мән бермей қойсақ, онда бұл ұлтымыздың азғанының бір көрінісі болар еді. Тілді мәжбүрлеп үйретпеуіміз керек, онымен кешенді түрде жүйелі айналысуымыз қажет. Егер шын ниетпен тіл үйренем деген азамат ешқандай мәжбүрлеусіз-ақ үйренеді. Ең алдымен, үкімет басында отырған, мемлекеттік қызметте жүрген немесе басқа салада жұмыс істейтін азаматтарымыз қазақ тілінде сөйлесін. Талапты күшейтуіміз керек. Қазақ тілінің мәдениетіне, әлеуметтік жағдайына байланысты мәселелер өз шешімін табуы керек. Тілдің тәрбиесіне аса мән беру

қажет. Қазір бізде кейбір пысық қазақтар көбейіп келеді. Қазақ тілін жаттап алып, көптің алдында сайрайтын қазақтарды көзіміз көріп жүр. Бірақ, кеудесінде қазақтығы байқалмайды. Бойларында орысқа еліктеу, не болмаса технократтық ұлтты менсінбеушілік сынды бірнәрсе қылаң береді. Оның бұлайша қазақша сайрағанынан пайда жоқ. Солардың тілді менсінбеуінің арқасында, мемлекеттік тіліміз ақсап қалды. Бір жағынан, Үкіметтің, бір жағынан, оппозицияның саяси ойыншығына айналып бара жатқандай. «Екі ортада шыбын өледінің» кебін киген зиялы қауым өкілдері ғана тілдің жыртысын жыртып жүр. Тіліміз әлі күнге «Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледінің» күнін кешіп келеді. Бүгінде тіліміздің ұлттық сапасы қандай? Ұлттық сапа дегенде, ең алдымен ұлтымыздың біліктілігін арттыруымыз керек. Неге қазақтар бір-бірімен орысша сөйлеседі? Орыс тілінің адамды дамытатын құдіреті бар ма немесе қазақ тіліндегі білімнің сапасы төмен бе? Ұлттық сапаға келгенде осы мәселелерді қарастыруымыз керек. Қазақ сапасына азамат ретінде емес, ұлттық құндылықтарды ұстанып жүрген қазақ ретінде көңіл бөлуіміз қажет. Орыс тілді қазақтарымыздың ішінде де мықты-мықты ұлтжанды азаматтарымыз бар. Бірақ қанша жерден олар ұлтжанды болғанымен айырмашылықтары көзге ұрып тұрады. Осы айырмашылықты болдырмау үшін тіл мен ұлттық тәрбиені қатар жетілдіруіміз керек.

Ұлттық тәрбиені орыс тілінде де жүргізсек жақсы болар еді. Өз басым қазақтың мүддесін көздейтін, мұның мұндап, жоғын жоқтайтын, ойын, арманын білдіретін қазақи орыс тілді дамыту қажет пе деп ойлайсың?! Біз де қазір орыс тілінде ғана тәрбие алып жүрген буынға «сендер орыс тілдісіңдер» деп кеудесінен итермей, керісінше орыс тілінде қазақшылыққа тәрбиелеп, намысын оятуымыз керек. Орыс тілінде қазақ тарихын насихаттасақ, «қазақ» деген біртұтас ұлт екенін сезінуін қамтамасыз етсек, оларда «қазақ тілін білуіміз керек екен» деген түйсік пайда болып, бала-шағасын қазақ тілінде оқытып, қазақша тәрбиелейді деп ойлаймын.

Тіл — өгей емес, әкесі өгей, нақтырақ айтқанда өзіміз өгейміз. Тіліміз жақындаған сайын біз алшақтап барамыз. Қазақ ұлтының дамуына келгенде тілге бөлек қарамауымыз керек.

Ұлтмықты болмаса, тілдің жағдайы оңбайды. Біздің ұлтымыз мықты болса, ұлттық сапа, ұлттықнамысымыз берік болса тіл дәйім осылармен қатар жүреді. Егер ұлттық тәрбие, ұлттық рух, тарихқа байланысты ұлтты қалыптастыратын дүниелермен айналыспай, тек қана тілмен айналыссақ, әлі оншақты жыл тілмен күресіп жүретініміз анық. Соңғы жиырма жыл мәселенің тек тілде емес, ұлтпен байланысты екендігін көрсетті. Қазақтың дамуына байланысты белгілі бір құндылықтардың төңірегінде қазақтың тұтастығын қамтамасыз ететін — тіл. Бір дін, бір тіл, бір мемлекет, бір ұлт дегеніміз қазақтың тұтастығын сақтап қалуға бүгінгі күні ауадай қажет. Қазақтың тұтастығы этникалық тұрғыда болғанымен, мәдени құндылық жағынан тұтастық байқалмайды. Соның кесірінен тіліміз дамымай келеді. Ең бірінші, қазақтың өзі тұтас бір мықты ұлт болу керек. Әр мемлекеттің өз «ядросы» бар, сол сияқты қазақ «ядро» болса, басқа этникалық диаспора өкілдері айналасына шоғырланады. Олар қазақтың құндылықтарын, тілін, мәдениетін мойындайтын, үйренетін негізде бірігіп келеді. Қазақ мықты мемлекет болса ғана өзін сыйлатып, тарихын, тілін құрметтетеді. Сонда ғана тұтастық қалыптасады.